

## Павлодар ауданының қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 13 тамыздағы N 378/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 тамызда N 12-11-169 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 1/1 қаулысымен

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2013.01.03 N 1/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелеріне сәйкес Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері мен нақты шарттары, қатысушылардың жалақы мөлшерлері және оларды қаржыландыру көздері 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс 2 қосымшаға сәйкес а н ы қ т а л с ы н .

3. "Павлодар ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды осы мақсатқа ескерілген қаражат шегінде жергілікті бюджеттен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. "Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды өткізуге жұмыс берушілермен келісім жасасын.

5 . Т ө м е н д е г і :

1) аудан әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы "Ауданда 2011 жылы қоғамдық жұмыстар өткізу туралы" N 437/12 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-11-131 тіркелген, 2011 жылғы 28 қаңтардағы N 4 "Заман тынысы" газетінде жарияланған);

2) аудан әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі "Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы "Ауданда 2011 жылы қоғамдық жұмыстар өткізу туралы" N 437/12 қаулысына өзгерістер енгізу туралы N 69/4 қаулысының (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-11-138 тіркелген, 2011 жылғы 27 мамырдағы N 21 "Заман тынысы" газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е . В . Г у б а р е в к е жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Т. Бастенов*  
 Павлодар ауданы әкімдігінің  
 2012 жылғы 13 тамыздағы  
 N 378 / 8 қаулысына  
 1 қосымша

**Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізбесі,  
 қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері мен нақты  
 шарттары, қатысушылардың жалақы мөлшерлері және  
 оларды қаржыландыру көздері**

N p/c	Кәсіпорынның, ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері мен нақты шарттары	Қатысушылардың жалақы мөлшерлері және оларды қаржыландыру көздері
1	2	3	4
1	"Павлодар ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Құжаттар (біліктілікті талап етпейтін) рәсімдеуге көмек көрсету – 2000 құжат. Жұмыс шарттары - сағат 9.00–ден 18.30–ға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі ас үзілісі, жұмыс уақытының ұзақтағы – аптасына 40 сағаттан аспайды.	17439 теңге, жергілікті бюджет
2	"Павлодар ауданының жер қатынастыры бөлімі" мемлекеттік мекемесі		
3	"Павлодар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі		
4	"Павлодар ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі		
5	Березовка ауылының "Қазақстан мұсылмандарының Рухани басқармасы" діни берлестігінің филиалы	Аудан аумағын көріктендіру: ағаштар салу - 10 дана, бұталар салу - 3 дана, ағаштарды ақтау, ағаштарды бұтау - 150 дана. Жұмыс шарттары - сағат 9.00–ден 18.30–ға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі ас үзілісі, жұмыс уақытының ұзақтағы – аптасына 40 сағаттан аспайды.	17439 теңге, жергілікті бюджет
		1) Құжаттарды (біліктілікті талап етпейтін) рәсімдеуге көмек көрсету –	

6	"Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	<p>19750 құжат, курьерлік жұмыс, үй-үйді аралауды өткізу, сынаққа қатысу – 8000 қоныс;</p> <p>2) Аудан аумағын көріктендіру: ағаштар салу- 490 дана, бұталар салу - 297 дана, ағаштарды ақтау, ағаштарды бұтау - 14850 дана;</p> <p>3) Мәдени нысаналы ауқымды іс-шараларды, спорт жарыстарын, фестивальдар ұйымдастыруға көмек көрсету - 10 шара;</p> <p>4) Ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес бойынша маусымдық кампанияларға қатысу - 7900 га.</p> <p>Жұмыс шарттары - сағат 9.00–ден 18.30 –ға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі ас үзілісі, жұмыс уақытының ұзақтағы – аптасына 40 сағаттан аспайды.</p>	17439 теңге, жергілікті бюджет
---	---	---	--------------------------------

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2012 жылғы 13 тамыздағы  
№ 378/8 қаулысына  
2 қосымша

### Қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

N	Кәсіпорын, ұйым атауы	Сұраныс	Ұсыныс
1	"Пресное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	9	9
2	"Григорьевка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	15
3	"Рождественка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	18	18
4	"Заря ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	24	24
5	"Заңғар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	9	9
6	"Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	24	24
7	"Мичурин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6
8	"Черноярка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	5
9	"Чернорекк ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	24	24
10	"Ефремовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	12	12
11	"Шақат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	22	22
12	"Маралды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	12	12
13	"Красноармейка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	24	24
14	"Ольгинка ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	4	4
15	"Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	5
16	"Луганск ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	11	11
17	"Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	7	7

18	"Павлодар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	3
19	"Павлодар ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	1
20	"Павлодар ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	1
21	Березовка ауылында "Қазақстан мұсылмандарының Рухани басқармасы" діни бірлестігінің филиалы	2	2
22	"Павлодар ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	12	12
	<b>Барлығы</b>	<b>250</b>	<b>250</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК